

№ 4
дәріс

4-дәріс тақырыбы:

Химиялық білім берудің әдіснамалық негіздері.

Химиялық білім беру проблемаларын зерттеу әдіснамасы.

Дәріс сұрағы:

4.1. Химиялық білім берудің әдіснамалық негіздері

4.2. Қазіргі мектепке арналған химия пәнінің бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұны мен құрылымы.

Тезисі:

4.1. «Педагогикалық зерттеу әдіснамасы» ұғымы. Химияның оқыту мен тәрбие теориясының теориялық әрі әдістемелік проблемаларын зерттеу саласындағы әдіснаманың міндеттері: ғылым құрылымын зерделеу, ғылыми білімді дамыту, ғылыми зерттеудің құралдары мен әдістерін, нәтижелерін дәлелдеу тәсілдерін белгілеу. Әдіснама қызметтері.

Химиялық білім беру дамуының осы заманғы жалпы білім беретін мектеп пен арнаулы орта оқу орнындағы үрдістері. Химиялық білім берудің зерттеулерінде әдіснамалық ыңғайларды қолдану. Мектеп оқушыларына химиялық білім беру жүйесінің құрылымы. Жүйе компоненттері: мақсат, ынталандыру, жобалау, мазмұн, іс-әрекет, басқару, нәтиже мен бағалау.

4.2. Қазіргі мектепке арналған химия пәнінің бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұны мен құрылымы.

Химия пәнінің базистік оқу жоспарындағы орны. Химияның негізгі бөлімдері мен олар мектепте оқытылатын сыныптар. Химия пәнінің үлгілік оқу бағдарламалары, олардың қажеттілігі: ББД-лардың базалық, жалпыланған шеңберін және жетекші ғылыми дүниетанымдық идеялар жүйесін белгілеу; химия пәні үшін ерекше, қажетті және жеткілікті оқыту құралдары мен тәсілдерінің тізімі келтірілген әдістемелік сипаттағы жалпы ұсыныстарды беру. Химия пәнінің жұмыстық бағдарламалары, олардың қажеттілігі: аймақтық ерекшеліктерді, мұғалімдер ұжымының әдістемелік әлеуетін, мектептің ақпараттық-техникалық жаратқандырылуы мен оқушылардың даярлық деңгейін ескеру. Химия пәнінің авторлық оқу бағдарламалары. Химия пәнінің оқу әдебиеті: оқулықтар, оқу құралдары. «Мектеп баспасы» ЖАҚ-ы мен «Атамұра Корпорациясы» ЖШС-інің биология оқулықтары мен ОӘК-лері. «Кітап» баспасы» ЖШС-і ұсынған, ҚР БҒМ бекіткен алғашқы қазақстандық химия пәнінің 8–11-сыныптарына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар линиясы.